

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК
«БАСҚАРУ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС**



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**



КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы


С. Дауешова
« 11 » 02 2025 ж.

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы «Басқару
колледжі» директоры
Т. Садуақасов
« 03 » 02 2025 ж.



**«КӘСІПТІК БІЛІМ: БОЛАШАҚ БІЗДЕ»
ҚАЛАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Жұмысшы мамандықтар жылына және «Басқару колледжі» ЖШС-нің 25 жылдығына арналған «Кәсіптік білім: болашақ бізде» қалалық фестивалінің (бұдан әрі - Фестиваль) мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, өткізу мерзімдерін, қорытындыларын айқындайды.

1.2. Өткізу мақсаты:

- білікті кадрларды даярлау ісінде педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін жағдайлар жасау;

Міндеттері:

- жұмысшы мамандықтарының жағымды имиджін қалыптастыру;

- колледж педагогтері мен студенттерінің зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.

1.3. Ұйымдастырушылар: «Басқару колледжі» ЖШС Білім басқармасы мен Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-нің қолдауымен.

II. ФЕСТИВАЛЬ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

2.1. Қатысушылар: «Талар» КеАҚ, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, әлеуметтік серіктестер, колледждердің педагогтері мен студенттері, Астана қаласы мектептерінің оқушылары.

2.2. Фестиваль тілі - қазақ, орыс.

2.3. Өтетін орны: Астана қаласы, Жеңіс көшесі, 68, «Басқару колледжі» ЖШС.

III. ФЕСТИВАЛЬДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Өткізу мерзімі: 17-18 сәуір 2025 жыл

3.2. Фестиваль іс-шараларының күні мен уақыты:

  

1-ші күн - 17 сәуір 2025 жыл

Уақыты: сағат 10.00

- қалалық «Кәсіптік білім: болашақ бізде» фестивалінің ашылу салтанаты;
- «Басқару колледжі» ЖШС мұражайына бару;
- өнер көрмесі және «Шеберлікке қадам» атты киім үлгілерінің көрмесін көру.

Уақыты: сағат 11.00 – «Басқару колледжі» ЖШС-нің 25 жылдығына және Жұмысшы мамандықтар жылына арналған «Кәсіптік білім: өткеннің тәжірибесі, болашаққа көзқарас» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция.

Конференция жұмысының бағыттары:

- «Болашақ білікті мамандарды даярлау үрдісінде тәжірибеге бағдарланған оқыту»;
- «Білім беру мазмұны арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу»;
- «Әлеуметтік серіктестік – техникалық және кәсіптік білім беру сапасын арттыру ресурсы ретінде: тәжірибе, проблемалар және перспективалар».

Уақыты: сағат 14.00

- колледж педагогтеріне арналған шебер-сыныптары;
- колледж студенттеріне арналған оқыту кейстері;
- «100 бейіндік сынып» жобасына қатысушы мектеп мұғалімдерінің оқушыларға арналған практикумдары.

2-ші күн - 18 сәуір 2025 жыл

Уақыты: сағат 10.00

- Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері мен әлеуметтік серіктестері үшін диалог алаңдары келесі тақырыптар бойынша:
- «Қазан технология және дизайн колледжі» (Қазан қаласы, Ресей) педагогтерінің қатысуымен «Білікті кадрларды даярлаудағы инновациялар мен тәжірибе»;
- «Алматы қаласының Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің колледжі» ЖШС педагогтерінің қатысуымен «Әлеуметтік серіктестік, мамандарды даярлау сапасын арттыру ресурсы ретінде»;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері мен оқушыларына «Жас және табысты» атты колледж түлектерімен кездесу.

Уақыты: сағат 12.00 – «Кәсіптік білім: болашақ бізде» қалалық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау салтанаты;

- қалалық фестиваль жұмысын қорытындылау.

IV. ФЕСТИВАЛЬДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Фестиваль аясында Астана қаласының колледж студенттері үшін «Кәсіптік білім: болашақ бізде» атты жұмысшы мамандықтарын дәріптеу бойынша қалалық көркемсурет байқауы өткізіледі.

4.2. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар: Конкурстық жұмыстарда кәсіби қызмет және жұмыстың ерекшелігі көрсетілуі керек.

Байқауға қатысушылар саны 2-ден аспайтын кез-келген кескіндеме техникасындағы (май, акварель, гуашь, пастель және т.б.) шығармашылық жұмыстарды ұсынады. Конкурстық жұмыстардың өлшемдері 50х70 см-ден аспайды және 30х40 см-ден кем болмайды. Әрбір жұмыс қатысушының идеясы мен ойы түсіндірілетін аннотациямен (100 сөзден аспайды) сүйемелденуі тиіс.

Бағалау критерийлері:

- конкурс тақырыбына сәйкестігі;
- идея мен ойдың тереңдігі;
- өзіндік ерекшелігі мен креативтілігі;
- техникалық орындалуы.

Қатысуға өтінімді (№1 қосымша), аннотацияны және конкурстық жұмысты 2025 жылғы 4 сәуірге дейін фестивальдің ұйымдастыру комитетіне ұсыну қажет (мекенжайы: Астана қаласы, Жеңіс көшесі, 68, «Басқару Колледжі» ЖШС, акт залы), sharipova_zhanna69@mail.ru.

Конкурсты өткізу күні – 10 сәуір 2025 жыл, сағат 10.00-де.

Формасы – көркем шығармаларды орындаушының таныстыруы.

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

4.3. «Кәсіптік білім: өткеннің тәжірибесі, болашаққа көзқарас» атты ғылыми-практикалық конференцияның жұмысына қатысу үшін kuastana@mail.ru электрондық поштасына 2025 жылғы 4 сәуірден кешіктірмей өтінім мен мақаланы (№ 1 қосымшаға сәйкес) жіберу қажет.

Баяндамаларға қойылатын талаптар:

- тақырыптың өзектілігін негіздеу;
- жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы;
- зерттелетін мәселені талдау және жалпылау;
- жұмыс бойынша өзіндік қорытындылар.

Баяндау уақыты - 5 минут. Қорғалатын презентация - 7 слайдтан аспайды.

4.4. Жарияланымдарға қойылатын талаптар:

Microsoft Word файлы, "Times New Roman" шрифті, форматы – А4, бағдары – кітап, кегль – 14 (суреттер мен кестелерде – кемінде 12), интервал – 1,0, жоғарғы және төменгі жиектер – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см, абзац: бірінші жол – шегініс 1,25 см, туралау – ені бойынша, мақала көлемі – 4-5 беттен аспайды. Дәйексөздерге, сандарға, құжаттарға және т.б. библиографиялық сілтемелер - төртбұрышты жақша [] түрінде ресімделеді және сілтеме жасалған кезде мақаланың соңындағы әдебиеттер тізімінде көрсетіледі. Бет нөмірлері қойылмайды. Ұсынылатын қосымшалар: Microsoft Equation CorelDraw, Excel бағдарламалары. Баяндама материалдары зерттеу сипатында болуы, талаптарға сәйкес мұқият өңделуі тиіс, баяндама (мақала) тақырыбы секция атауының бағытымен бірдей болмауы тиіс, өзіндік ерекшелігі (кемінде 80%). Көлемі 5 бетке дейін, оның ішіне суреттер, кестелер, формулалар, әдебиеттер тізімі кіреді. Мақалалар рецензияланбайды, авторлық редакцияда жарияланады. Ұйымдастырушылар орфографиялық және стилистикалық қателіктер үшін жауап бермейді. Талаптарға сәйкес келмейтін және мерзімінде ұсынылмаған материалдар басылымға жіберілмейді.

4.6. Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

- Исина Н. С., Астана қаласы әкімдігінің "Әдістемелік орталық" МКҚК ТжКБ бөлімінің әдіскері
тел: 8 (701) 6447318;
- Аленова Н. С., "Басқару Колледжі" ЖШС директорының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, тел: 7 (705) 4516786;
- Мухамеджанова К. Р., "Басқару Колледжі" ЖШС директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тел: 7 (747) 4757658;
- Шарипова Ж. И., шығармашылық пәндер кафедрасының меңгерушісі, тел: 8 (708) 1534776.

V. ФЕСТИВАЛЬДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

5.1. Конкурстың қазылар алқасының құрамы көркемдік бағыттағы конкурстарда төрешілік етуде тәжірибесі бар кәсіпқойлар қатарынан қалыптастырылады.

5.2. Көркем шығармалар байқауының жеңімпаздарын марапаттау 2025 жылдың 18 сәуірінде өткізіледі.

5.3. «Кәсіптік білім: болашақ біз үшін» қалалық фестивалінің барлық қатысушыларына қатысушы сертификаттары беріледі.

5.4. Қалалық фестивальді өткізу туралы ақпарат, Конкурс нәтижелері, «Кәсіптік білім: өткеннің тәжірибесі, болашаққа көзқарас» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығының <https://astana-modern.edu.kz> сайтында және «Басқару колледжі» ЖШС-нің <https://bk-astana.edu.kz> сайтында орналастырылатын болады.

**«Кәсіптік білім: болашақ бізде» атты қалалық фестивалінің
көркемсурет байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымының толық атауы	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толық аты-жөні)	Жетекшісі (оқытушының толық аты-жөні)	Жетекшінің байланыс телефоны

Колледж директоры _____ ТАӘ, қолы

**Қалалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу үшін
өтінім**

№	Т.А.Ә	Тақырып, секция (бағыт)	Қатысу - секциялық отырыста, - конференция жинағында жариялау (керегін көрсетіңіз)	Тел., эл.пошта	Қажетті техникалық құралдар

**КЛИНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ**

(1 интервал)

Алимжанова Енлик Болатовна

оқытушы.....

колледж

(1 интервал)

Аннотация: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Мәтін

Кілт сөздер: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

(1 интервал)

Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала
мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні

(1 интервал)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Кирилова Г. И. Білім берудегі ақпараттық технологиялар және компьютерлік құралдар //Educational Technology & Society. - 2000. № 5

